

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТИ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫң САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ ТАЛДЫҚОРҒАН КАЛАЛЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



**БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕР**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ТАЛДЫҚОРГАНСКОЕ ГОРДСКОЕ УПРАВЛЕНИЕ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ**

ҚАУЛЫСЫ

12.02.2021ж №77

Талдықорған қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Талдыкорган

**Талдықорған қаласының аумағындағы
карантин режимі мен кейбір
шектеу шараларын енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 104-бабының 2-болігіне, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жоніндегі шараларды одан әрі күшетту туралы», 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы», 08.02.2021 жылғы «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы», Алматы облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №3 «Алматы облысының аумағында карантин режимі және кейбір шектеу шараларын енгізу туралы». Халық арасында коронавирустық инфекцияның тіркелуінің төмендеуін және эпидемиологиялық жағдайға байланысты Талдықорған қаласы «сары аймағына» ауысуының Қазақстан Республикасының бағалау матрицасының ескертілуі.

Қаулы етемін:

1. Талдықорған қаласының тұрғындары келесі талаптарды жалғастыру:

1.1. Қызметі қалпына келтірілмеген объектілерге баруға тыым салынады: ойын-сауық нысандары оның ішінде түнгі клубтар, кальян барлары, көрмелер, букмекерлік, бильярд, караоке, PS-клубтар, квесттар, антикафе, боулинг-орталықтар, лото-клубтар, компьютерлік клубтар, сауда нысандарындағы балалардың ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы батуттар, аттракциондар;

1.2. 65 жастан асқан адамдар үшін қалада және қоғамдық орындарда жүруді шектеу;

1.3. қоғамдық орындарға, оның ішінде қалалық қоғамдық көліктерге және қызметіне рұқсат етілген объектілерге бару кезінде (5 жасқа дейінгі балаларды қоспағанда) бетперде кию, арақашықтықты сақтау және антисептикерді қолдану талаптарын қатаң сақтау.

2. Қала әкімі, ауылдық округтердің әкімі, полиция болімі, Талдықорған қаласының кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық даму басқармасы

және Талдықорған қаласының Кәсіпкерлер палатасы келесі қызметтердің тоқтатылуын қамтамасыз етсін:

2.1. залдарда толтырылуы 50 орыннан жоғары қогамдық тамақтану объектілері (мейрамханалар, кофеханалар, дәмханалар, банкет залдары, фудкорттар, асханалар, барлар);

2.2.әсерлі, мәдени, спорттық-бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, конференциялар, форумдар, отбасылық, еске алу шаралары (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу және т.б.) жаппай корпоративті және басқа іс-шараларды өткізу үшін жеке үй мен ғимараттарды жалға алу;

2.3. ойын-сауық нысандары, соның ішінде тұнгі клубтар, кальян қонақтары, букмекерлік кеңселер, бильярд бөлмелері, караоке, PS-клубтар, квесттер, антикафелер, боулинг орталықтары, лото клубтар, компьютерлік клубтар, балалар ойын аландары (ойын-сауық орталықтары), сауда орындарында, батуттар, жабық кеңістіктер;

2.4. жаттығу сабактарын қоспағанда, бассейндер;

2.5. жеке кездесулер (жиналыстар, семинарлар, форумдар, тренингтер, конференциялар) өткізуге;

2.6. онлайн-білім беру орта мектептерде 1-ден 8 сыныпқа дейін қоса алғанда ұзартылсын;

2.7. жалпы білім беретін мектептердегі тамақтандыру ұйымдастыруды, колледждер мен университеттердің 1-курс студенттерін қоспағанда, күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режим, келушілер арасындағы арақашықтықты және бетперделік режимді сақтай отырып, асхананың жобалық орын мөлшері 30%-дан аспайтын (ҚР БМСД 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысына 46-қосымшасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелердің талаптары мен 28.08.2020 ж. толықтырулар.) сақтай отырып жұмыс істеу.

3. Қала әкімі, ауылдық округ әкімдері, кәсіпкерлік және индустримальды инновациялық даму басқармасы және Алматы облысының кәсіпкерлер палатасы күшеттілген санитарлық-дезинфекциялық және бетперде режимдерін сақтай отырып, қызметке рұқсат беруді қамтамасыз етсін:

3.1. екінші деңгейдегі банктердің, пошта бөлімшелерінің, халықта қызмет корсту орталықтарының жұмысын алдын ала жазылу, электрондық кезек, халықтың көп жиналудың болдырмау және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты, күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау мақсатында басқа да шараларды ұйымдастыру;

3.2. **оқу бітіретін (9, 11 (12) сыныптар)** үшін: пәндердің 70%-ын штаттық режимде, 30%-ын қашықтықтан оқытуға (сыныпта 15 адамнан артық емес, әлеуметтік қашықтықты сақтау, 1 сын – 1 кабинет қагидаты бойынша оқыту, бір уақытта мектепте жобалық қуаттың 30%-ынан аспайтын адамның болуы, санитариялық-дезинфекциялық режимді, бетперде режимін күшету) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №ҚР ДСМ-98/2020 бұйрығының 10 тарауына сәйкес, 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы» ережелерін қатаң түрде сақтай отырып, ата-аналардың қалауы бойынша. **Мектептерде**

оқытын балалар немесе жұмысшылар арасында бір COVID-19 тіркелген жағдайда, инкубациялық кезеңін сонына дейін мектептің карантинге жабылуын қамтамасыз ету;

3.3. жоғары оку орындары мен колледждердің **бірінші курс** студенттеріне біріктірілген білім беру режимінде жұмыс жасаудың үйымдастыру (пәндердің 70% - штаттық режимде, 30% - қашықтықтан оқыту форматында рұқсат беру) оның жұмысына «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №ҚР ДСМ-98/2020 бұйрығының 10 тарауына сәйкес, 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы» ережелерін қатаң түрде сақтай отырып рұқсат етіледі. **Университеттерге / колледждерге баратын студенттер немесе қызметкерлер арасында бір COVID-19 жағдайы тіркелсе, факультеттің / кафедраның инкубациялық кезеңін сонына дейін карантинге жабылуын қамтамасыз ету;**

3.4. күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық және бетперде режимін сақтау, тұрғындар арасындағы әлеуметтік арақашықтықты және колледж жатақханаларындағы бөлмелер толтырылуы 30% дейін, университеттер жатақханаларында 50% дейін сақталған жағдайда, колледждер мен университеттердің **1 курс** студенттерінің жатақханада тұруын «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №ҚР ДСМ-98/2020 бұйрығының 10 тарауына сәйкес, 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы» ережелерін қатаң түрде сақтай отырып рұқсат етілсін. **Студенттер немесе жатақханада тұратын қызметкерлер арасында бір COVID-19 жағдайы тіркелсе, олардың инкубациялық кезеңін сонына дейін карантинге жабылуын қамтамасыз ету;**

3.5. білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша сабактан тыс уақытта 5 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқытуға рұқсат беруді;

3.6. ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы, мамандандырылған үйымдардың, арнайы мектеп-интернаттардың(оның ішінде атанасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың, күшейтілген санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық шараларды сақтай отырып, тек аудандар мен басқа аймақтардан келіп оқытын балаларды ғана орналастыру.Оның жұмысына «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №ҚР ДСМ-98/2020 бұйрығының 10 тарауына сәйкес, 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы» ережелерін қатаң түрде сақтай отырып рұқсат етілсін. **Осы тармақта көрсетілген мекемелерге баратын балалар немесе қызметкерлер арасында COVID-19 індегіне бір жағдайы тіркелсе, инкубациялық кезең аяқталғанға дейін карантинге жабылуын қамтамасыз ету;**

3.7. 50 орыннан аспайтын тамақтану объектілері (мейрамханалар, кафелер, барлар, асханалар) толтырылуы 50%-ға дейін, бір үстелге 4-тен аспайтын адам саны, коршілес үстелдердің арасындағы 2 метр арақашықтықты сақтай отырып, **жұмыс күндері сағат 07:00-ден 00:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, сенбі мен жексенібіде сағат 07:00-ден 21:00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат етіледі, (шығару және жеткізуге уақыт шектеусіз рұқсат етіледі);**

3.8. шаптараздар, косметологиялық қызметтер, маникюр және педикюр қызметтерін көрсететін сұлулық салондары, (алдын ала жазылу бойынша, жұмыс кестесін белгілей отырып, арақашықтықты 2 метр сақтауды қадагалау), келушілерді тек медициналық бетперделермен қабылдау қамтамасыз етілсін;

3.9. азық-түлік дүкендері (минимаркеттер, супермаркеттер, гипермаркеттер) ҚР БМСД № 67 қаулысының талантарын сақтай отырып;

3.10. тұрғындарды орналастыру (қонақ үйлер) бойынша қызмет көрсету саласының объектілері адам сыйымдылығы 80% -дан асырмай;

3.11. қоғамдық көліктер бойынша жұмыс кестесін сағат 23:00-ге дейін ұзартумен, сондай-ақ қарбалас уақытта автобустардың санын көбейту, жолаушыларды отырғызу / шығару кезінде барлық есіктердің ашылуын қамтамасыз ететін қоғамдық көліктің жұмысы, әр рейс алдында қоғамдық көліктің жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалану, қоғамдық көлікті күніне кемінде екі рет тоқтату;

3.12. мектепке дейінгі ұйымдардағы кезекші топтар мен мектепке дейінгі шағын орталықтар (топта 15 адамнан көп емес) ҚР БМСД № 67 қаулысының талантарын орындаң жұмыс істеуге;

3.13. діни орындар (мешіт, қасиетті орындар мен шіркеу), ұжымдық іс-шаралар өткізбестен, тек жеке кездесулер үшін;

3.14. моншалар, саunalар, СПА орталықтары, алдын-ала жазылу арқылы, адам сыйымдылығы 50% -дан аспыртпау, жұмыс уақыты 08:00-ден 22:00-ге дейін жұмыс істеуге;

3.15. сауда және ойын-сауық орталықтары, сауда объектілері адам сыйымдылығы 30% -дан асыртпау және жұмыс уақыты күндізгі сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін істеуге;

3.16. құрылыш дүкендері, сондай-ақ көлік құралдары мен саяжайлар үшін қосалқы бөлшектер сататын дүкендер, ҚР БМСД № 67 қаулысының талантарын орындау бойынша жұмыс істеу;

3.17. азық-түлік және азық-түлік емес базарлар (адам сыйымдылығы 30% -дан аспайтын), кіре берістегі термометрия, жабық базарлар жұмыс уақыты 10:00-ден 18:00-ге дейін;

3.18. спорттық ғимараттар, фитнес орталықтар, спорт залдары, би (орталықтар), егер 1 келушіге кемінде 5 м² алаң ұйымдастырылған болса, жалпы сыйымдылықтың 30% -ынан аспауы керек (жобаға сәйкес келушілердің жалпы саны объектінің қуатынан асыртпау), келушілерді алдын-ала тіркеу және ҚР БМСД № 67 қаулысының талантарын орындау бойынша жұмыс істеу;

3.19. балалар бөлмелері/түзету орталықтары, балалар мен ересектерге арналған білім беру орталықтары, топтағы адамдар саны - 15 адамнан көп емес, алдын ала жазылу бойынша, ҚР БМСД № 67 қаулысының талантарын орындау бойынша жұмыс істеу;

3.20. кинотеатр, театр қызметтері (толу деңгейі 20% -дан асыртпау, infokazakhstan.kz порталында тіркелу, бетперде режимін сақтау, шахматтық тәсілде

отырғызу, әлеуметтік арақашықтықты сақтау, ҚР БМСД № 67 қаулысының талаптарын орындау бойынша жұмыс істеу;

3.21. мәдени нысандар, оның ішінде мұражайлар, мәдениет үйлері және т.б. (тұрғындардың орналасу деңгейі 20% -дан аспайтың, оның ішінде 30 адамға дейінгі ұжымдық жаттығулар, кем дегенде 2 метр әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып, үзіліс кезінде үй-жайларды желдету, бетперделерді қолдану);

3.22. қысқы туризм және ашық демалыс объектілерінің қызметі (мұз айдындары, шаналар пандусы және т.б.);

3.23. халықта қашықтан қызмет көрсету объектілерінің қызметі (техникалық қызмет көрсету станциялары, автоколік жуу орындары, автоколік жондеу, дөңгелектерді аудиостыру, автосалондар, тұрмыстық техника, химиялық тазалау және басқалары) ҚР БМСД № 67 қаулысының талаптарын орындау бойынша жұмыс істеу;

3.24. психологиялық-педагогикалық түзету кабинет қызметкерлері 60% қашықтағы жұмыс істеу түрінде қалады;

3.25. сатылатын ассортиментіне қарамастан барлық болшек сауда дүкендері, оптика дүкендері, фотосалондар, гүлдер дүкендері, үй жануарлары дүкендері, жұмысқа әлеуметтік арақашықтық кемінде 2 метр және күштейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимдерді сақтауы керек.

4.Карантиндік іс-шаралар жүргізу кезінде жұмыс істейтін мемлекеттік органдар (ұйымдар, кәсіпорындар), сондай-ақ меншік нысанына қарамастан кәсіпкерлік субъектілері келесі санитарлық-дезинфекциялық режимдерді сақтауы керек:

4.1. медициналық, полиция, өртке қарсы қызмет, авариялық-құтқару және озге де шұғыл коммуналдық қызмет (жылумен, сумен, ЖЖМ, АГҚБ, ЖҚБ, байланыс, коммуникация, инкасация қызметі, қатты тұрмыстық қалдықтарды шыгару, дезинфекциялау, көп қабатты тұрғын үйлерге сантехникалық қызмет көрсету) қызметкерлерін қоспағанда, Талдықорған қаласының аумағындағы меншік нысанына қарамайтын ұйымдардың барлық кеңсе қызметкерлерін (қызметкерлер саны 30 және одан көп адам болатын ұйымдар қызметкерлерінің кемінде 60%) қашықтық жұмысқа аудиостыру;

4.2. жұмысы қашықтықтан жүргізілмейтін қызметкерлерді бір реттік бетперделермен қамтамасыз ету, бір реттік медициналық немесе қорғаныс бетнерде кию режимін міндettі түрде сақтау (уақтылы аудиостыру);

4.3. барлық мемлекеттік кәсіпорындар, органдар мен ұйымдар, қаладағы COVID-19 эпидемиологиялық жағдайын тұрақтандыру мақсатында, Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес сараланған жұмыс кестесін енгізеді;

4.4. ірі кәсіпкерлік субъектілеріне, сондай-ақ қызметкерлерінің орташа жылдық саны 250 адамнан асатын мемлекеттік кәсіпорындарға, органдар мен ұйымдарға кәсіпорындардың қызметкерлерін тасымалдау үшін қызметтік көлік құралдарын (автобустар / шағын автобустар) пайдалану ұсынылады;

4.5. өткір респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, мұрынның бітелуі және т.б.) белгілері бар персоналды жұмысқа жібермеу. Анықталған жағдайда, анықтау орын бойынша оқшаулау шараларын қабылдау, 103 номірі бойынша медициналық комекке жүргініз.

5. Қала әкімі, ауылдық округ әкімдері, Талдықорған қаласының полиция бөлімі:

5.1. жоғарыда көрсетілген талаптар орындалмаған кезде немесе заң бұзушылықтар анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, оның ішінде профилактикалық сипаттағы шаралар қабылдауға;

5.2. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлердің қолданыстағы ережелерінің сақталуына рейдтік тексерулер жүргізу бойынша бақылау топтарының жұмысын күшейту;

5.3. төменде көрсетілген көшелер бойынша анықталмаған орындарда сауданың жүргізілмеуі:

- Гаухар Ана: Ақын Сара көшелерінен Шевченко көшесіне дейін;
- Біржан Сал: Құрманов көшелерінен Қабанбай батыр көшесіне дейін.

6. Қала әкімі, ауылдық округ әкімдері, денсаулық сақтау басқармасы, Талдықорған қаласының полиция бөлімі:

6.1. денсаулық сақтау ұйымдары медициналық қызметкерлердің COVID-19 инфекциясын жүқтүрудың алдын алу мақсатында аймақтарды бөлу мен жұмыс уақытын сақтау (ҚР БМСД 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес).

7.Ішкі саясат басқармасы, Талдықорған қаласы кәсіпкерлік және индустрiadы-инновациялық даму басқармасы және Алматы облысының кәсіпкерлер палатасы және бұқаралық ақпарат құралдары:

7.1.мамандандырылған бірлестіктердің қатысуымен ақпараттық каналдар, бейнеконференциялар арқылы қызметі тоқтатылатын объектілерді хабарлау, қажетті ақпаратты ресми веб-ресурстарға орналастыру;

7.2.тұрғындар арасында COVID-19 таралуының алдын-алу, аурудың алдын-алу жеке шаралары мен мінез-құлық тактикасы туралы түсіндіру жұмыстарын күшету;

7.3. ресми ақпарат көздерінен (coronavirus2020.kz, anti-corona.kz, Үкіметтің, Денсаулық сақтау министрлігінің және әкімдіктердің ресми сайttары) халыққа нақты ақпарат орналастыру.

8. Кәсіпкерлік субъектілерінің (объектілерінің) басшылары, барлық жеке және заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері, жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, олардың меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстырығына қарамастан бәрі де осы қаулының талантарын қатаң сақтауы тиіс.

9. Бұл қаулы барлық мұдделі органдардың, ведомстволардың назарына жеткізілуі керек, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандырылуы керек.

10. Қаулы меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстырығына қарамастан барлық жеке заңды тұлғалар, кәсіпкерлік субъектілері үшін міндетті болып табылады.

11. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

12. Карантин режимі мен мерзімдері «COVID-19» коронавирустық инфекциясының таралуы жағдайына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

13. Осы қаулы күшіне енген сәттен бастап Талдықорған қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 4 ақпандығы №62 «Талдықорған

қаласы аумағында карантиндік режимді күшету және кейбір шектеу шараларын енгізу туралы» қаулысының күші жойылды деп танылсын.

14. Осы қаулы 15 ақпан 2021 жылды сағат 07:00 – дең бастап күшіне енеді.

**Талдықорған қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Е.Асимкулов